**«БЕКІТЕМІН»**
**Қазақстан Республикасы**
**Туризм және спорт министрлігі**
**Спорт және дене шынықтыру істері**
**комитеті төрағасының м.а.**
**_____________Б.Байжанов**
**«____»____________2023 ж.**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Астана қаласы**
**дене шынықтыру және спорт**
**басқармасының басшысы**
**_____________С. Жилкибаев**
**______________2023 ж.**

# Орталық мемлекеттік органдар және бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасындағы шахмат турнирінің ЕРЕЖЕСІ

**2023 жыл**

## 1. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ

Орталық мемлекеттік органдар және бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасындағы шахмат турнирі

## 2. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2023 жылғы орталық мемлекеттік органдар және бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің арасындағы республикалық турнирі (*бұдан әрі - Турнир*) келесі мақсатпен өткізіледі:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі №576 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасында шахматты дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын жүзеге асыру;
- Мемлекеттік мекемелер мен ұжымдарда, бұқаралық ақпарат құралдары мекемелерінің арасында бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмысты жақсарту;
- Бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын мемлекеттік қызметшілер және бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында насихаттау.

## 3. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ

Турнир 2023 жылдың 8-11 желтоқсан аралығында Астана қаласының спорт кешендерінде өтеді. Мандаттық комиссия отырысы 2023 жылдың 8 желтоқсан күні, сағат 15.00-де өтеді. 9-10 желтоқсан ойын күндер.

Командалардың келу күні - 2023 жылдың 8 желтоқсан күні.

Командалардың қайту күні - 2023 жылдың 11 желтоқсан күні.

## 4. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУГЕ ЖЕТЕКШІЛІК

Турнирді ұйымдастыру мен өткізуге жалпы жетекшілікті Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (*бұдан әрі - Комитет*) өзіне алады. Турнирді өткізу тікелей Комитетпен бекіткен бас төрешіге жүктеледі.

## 5. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР

1. Орталық мемлекеттік органдар қызметкерлері:

Турнирге Орталық мемлекеттік органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері қатыса алады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері:

Жарысқа Қазақстан Республикасының Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстарының кез-келген бұқаралық ақпарат құралдары мекемелерінің қызметкерлері қатыса алады.

Қатысушылардың жеке құжаттары **(жеке куәлік)** өздерімен болуы тиіс.

Командалар турнирге өтініштегі деректерге сәйкес қатысады. Турнирге катысар алдында дәрігерлік қараудан өту барлық қатысушыларға міндетті шарт болып табылады.

## 6. СПОРТШЫЛАРДЫҢ,ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫҢ, ТӨРЕШІЛЕРДІҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

Команданың құрамы: әр командадан 1 жаттықтырушы 1 команды өкілі, 2 ер мен 1 әйел болуы тиіс.

Рапид түрінен әр ойыншыға 15 минут + 10 секунд уақыт беріледі.

## 7. СПОРТТЫШЫЛАРДЫҢ ЖЫНЫСЫ МЕН ТУҒАН ЖЫЛЫ

Орталық мемлекеттік органдар қызметкерлері арасында және бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері 18 жас толығымен толған ерлер мен әйелдер арасында.

## 8. НӘТИЖЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Жарыстың нәтижелеріне Қазақстандық Шахмат Федерациясы республикалық қоғамдық бірлестігі бекітілген ережелерін сәйкес жүргізіледі.

## 9. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Турнир кезінде медициналық көмек көрсетуді Астана қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы және Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің Спорттық медицина және оңалту орталығы қамтамасыз етеді.

## 10. ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Жарысқа қатысушылар дүниежүзілік допингке қарсы қауымдастықтың (әрі қарай-ВАДА-ның) нормаларына сәйкес допинг-бақылаудан өтуі мүмкін және допингке қарсы кодекс қағидаларын сақтауы тиіс.

ВАДА-ның допингке қарсы кодексінің қағидалары бұзылса, спортшы допинг-тест тапсыруға келмесе, оған ВАДА-ның допингке қарсы күрес кодексіне сәйкес (спортшы толық шеттеуге дейн) санкциялар қолданылады. Аталған кодекске сәйкес, тіпті толық шеттеуге дейн шаралар қолданылатын болады.

## 11. ТӨРЕШЕЛЕР АЛҚАСЫНЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

Төрешілер алқасын Қазақстандық Шахмат Федерациясы республикалық қоғамдық бірлестігі бекітеді.

## 12. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМДЕР БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

Мандат комиссиясының отырысына келесі құжаттар тапсырылады:

- Кадрлық қызмет куәландырған, дәрігер рұқсаттары бар әр спорт түрі бойынша бөлек делегацияның толық құрамына сандық және атаулы өтініштің түпнұсқасы (№1 қосымша). Мандат комиссиясы жарыстан бір күн бұрын болады. <u>**Мандат комиссиясына өтініш түпнұсқаларын тапсырмаған команда жарыстарға жіберілмейді.**</u>

## 13. ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ТӨРЕШІЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ

Турнир жекелей есепте ерлер және әйелдер арасында бөлек, реттелмелі швейцар жүйесімен өткізіледі. Орталық мемлекеттік органдар қызметкерлері арасында бөлек, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында бөлек жүргізіледі (турлардың саны командалардың жиналуына байланысты мандат коммисиясы отырысында анықталады).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» мынадай шығыстарды көтереді:

**Типографиялық шығындар:**

- баннер, логотипі бар қаламдар, бағдарламалар, шақыру қағаздары, блокноттар, сертификаттар;

**Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау:**

- медальдар, естелік медальдар;
- дипломдар;
- рамкадағы дипломдар;

**Қызметтер:**

- салтанатты ашылу-жабылу рәсімі;
- төрешілердің еңбекақысы;
- жарық және дыбыс жабдықтарын жалға алу;
- спорттық ғимараттарды жалға алу;
- бейнеролик;
- LED экрандарды жалға алу

## 14. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРДЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІНЕ МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

Турнир қорытындысы бойынша бірінші, екінші және үшінші орын алған жеңімпаз және жүлдегерлер Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің сәйкес санаттағы марапаттау медальдары мен дипломдарымен марапатталады.

## 15. НАРАЗЫЛЫҚ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ

Наразылық (жазбаша өтінім) Шахматтан жарыстың халықаралық ережелерінің жалпы бұзылуына себеп болған жағдайда берілуі мүмкін.

## 16. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ТӨРЕШІЛЕРДІҢ КЕЛУ ЖӘНЕ ҚАЙТУ КҮНДЕРІ

| Күні | Ойын | Уақыты |
|---|---|---|
| **8 желтоқсан** | **Төрешілер алқасының отырысы** | **18:00** |
| **9 желтоқсан** | **Ашылуы салтанаты**<br>**Қатысушылардың жеребе салуы I-V тур (рапид)** | **14:00**<br>**15:00-19:00** |
| **10 желтоқсан** | **VI-IX тур (рапид)**<br>**Жабылуы салтанаты** | **15:00-19:00** |
| **11 желтоқсан** | **Қайту күні** | |

Анықтама телефондары: 8 771 441 75 81
эл. пошта: dshnk@mail.ru

*№ 1 қосымша*

**АТАУЛЫ ӨТІНІМ**

______________________________________

(ұйымның атауы)

| № | Т.А.Ә. | ЖСН | Лауазымы | Дәрігердің қолы мен мөрі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |
| 3 | | | | |
| 4 | | | | |
| 5 | | | | |
| 6 | | | | |
| 7 | | | | |
| 8 | | | | |
| 9 | | | | |
| 10 | | | | |

Делегацияның ресми өкілі ________________ ______________________
*(қолы)* *(Т.А.Ә.)*

Делегацияның ресми өкілінің байланыс телефондары ______________________

*(Мекеменің мөрі)*

Медициналық мекеменің бас дәрігері ________________ ______________________
*(қолы)* *(Т.А.Ә.)*

*(Мекеменің мөрі)*